«АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«ИНФОРМАЦИОННО-УЧЕТНЫЙ ЦЕНТР»

SINCE 1993

Қазақстан, 010000, Астана, Республика д-лы, 29
+7 (7172) 55-29-81, www.e-qazyna.kz, iac@gosreestr.kz

2025 жылдың 4 ақпанындағы шығыс № АСТЛ/25-227

Облыстардың, қалалардың, аудандардың, ауылдық округтер мен кенттердің жергілікті атқарушы органдарға *(тізім бойынша)*

Осымен, «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Мемлекеттік мүлік тізілімінің деректеріне үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтері бойынша Қоғаммен 2025 жылында 3 мыңнан астам мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды (бұдан әрі - Шарт) жасасуға қатысты Қоғамның 2024 жылдың 11 қарашасындағы № А-СТЛ/24-2072, № А-СТЛ/24-2073 және № А-СТЛ/24-2074 хаттарын толықтыру ретінде келесіні хабарлайды.

Көрсетілген хаттарда мемлекеттік сатып алу веб-порталында (бұдан әрі - Портал) шарт жасасу ұшін уәкілетті орган қалыптастыратын тапсырыс берушілер мен әлеуетті өнім берушілер тізімінен форматтық-логикалық бақылауды (бұдан әрі - ФЛБ тізімі) ескере отырып, бұрын пайдаланған 639910.000.000005 *(ақпаратты өңдеу бойынша қызметтер, Ақпаратты/мәліметті/материалдарды және баламаларды өңдеу қызметтері)* ТЖҚК ұсынылды. Сонымен қатар, 01.01.2025ж. бастап көрсетілген ТЖҚК таңдау кезінде Портал аванс мөлшері шарттың жалпы бағасының 30% құрауы тиіс екендігі туралы ақпараттандырып, Шартты сақтамайтын.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылдың 9 қазанындағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 516-тармағына сәйкес аванс төлемін талап етпейтін ФЛБ тізіміне жаңа 620920.000.000013 ТЖҚК енгізу туралы Қоғамның өтініші Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен қанағаттандырылды.

Жоғарыда мазмұндалғандардың негізінде және ФЛБ тізіміне *(03.02.2025ж. бастап)* енгізілген өзгерістерді ескере отырып Портал арқылы **Қоғамның қызметтері** бойынша мемлекеттік сатып алуларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде **620920.000.000013** *(Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу қызметі)* **ТЖҚК** таңдауды ұсынамыз.

Басқарма Төрағасы **Ж. Оспанов**

*орынд.: Т. Пірімбетов, Тел.: (7172) 55-29-81*180*
t_pirimbetov@gosreestr.kz